



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 наурыздағы N 261 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 14 наурыз N 392

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Астана қаласын дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 наурыздағы N 261 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2 және 3-3 -тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Сыртқы істер министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік, "Астананы дамыту корпорациясы" ЖАҚ, Астана қаласының әкімі мен Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жапон агенттігі (ЛСА) арасында келісілген Қазақстан Республикасы Астана қаласының мастер-жоспарын зерттеу және оны дамыту жөніндегі 1999 жылғы 5 қазандағы жұмыс жоспары назарға алынсын.

3-2. Құпия.

3-3. Қазақстан Республикасының министрліктері, агенттіктері мен ведомстволары өз өкілеттіктерінің шегінде Астана қаласының әкіміне, "Астананы дамыту корпорациясы" ЖАҚ-на зерттеу жөніндегі жұмыстар жоспарын іске асырумен байланысты мәселелерді шешуге жәрдемдесу жөнінде шаралар қолдансын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.

